

# Әдеби тіл және әдеби норма

ҚАРАҚАЛПАҚ  МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ



# Қазақ  тілінің стилистикасы және сөйлеу мәдениеті

**Лектор: Ж.Шарипова**

**2016**

# Жоспар:

- **Тақырыбы: Әдеби тіл және әдеби норма**

**Жоспары:**

1.Әдеби тіл туралы түсінік
2.Әдеби тілдің қызметі
3. Әдеби тілдің стильдік тармақтары
4.Әдеби тілдің нормалары



# Әдебиеттер


- **1**. Р. Сыздықова. Тілдік норма және оның қалыптануы. Алматы, 2001 ж.
- 2. М.Балақаев., Е.Жанпейсов. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966 ж.

  3. М.Балақаев., Ө.Байқабылов. Оқытушының тіл мәдениеті. Ташкент, 2008 ж.
- 4. М.Балақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы-1998 ж.
- 5. К.Даупаев. Тіл мәдениеті және стилистика. Астана, 2008 ж.
- 6. Б.Мұратбек. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 2004 ж.
- 7. М.Балақаев. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту Алматы, 1989 ж.

## Сабақтың мақсаты:

**әдеби тіл, оның қызметі мен стилдік тармақтары бойынша мағлұмат алу**

- **Міндеттері:**

- **-Әдеби тіл жайында түсінікке ие болу**

**-Әдеби тілдің қызметін үйрену**

**-Әдеби тілдің нормаларымен танысу**

- Тірек сөздер:

- Әдеби тіл, тілдің қоғамдық және экспрессивтік-эстетикалық қызметтері, стиль және оның түрлері. Әдеби нормадан ауытқу, әдеби тілдің нормалану жолдары

- **Әдеби тіл** деп орныққан, тұрақты нормалары бар, жалпыға түсінікті, ортақ, қоғамдық қызметі әр алуан, жалпы халықтық тілдің сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түріне айтылады.
  **Әдеби тіл** -әр түрлі әдебиет жанрлары арқылы сұрыпталатын, көрікті де, көркем тіл;

- **Әдеби тілдің өзіне тән белгілері:**
  - орныққан, тұрақты нормаларының болуы;

  -сол нормалардың халық өкілдерінің бәріне ортақ, түсінікті болуы;

  - әдеби тіл халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланыста қызмет етуі;

- Тілдің көркемдегіш, бейнелегіш, мәнерлі, әсерлі мән беретін құралдарын зерттейтін тіл білімінің саласын *стилистика* дейді. *Стиль* көркемдеп сөйлеудің, ойды айтылу мақсатына қарай әсерлі жеткізудің тілдік амал-тәсілдерінің жиынтығы, тіл бірліктерінің қалыптасқан жүйесі деген ұғымды білдіреді. Стильдердің негізгі арқауы-сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары.

- Стиль дегеніміз- белгілі бір салада қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі.
- Қазіргі кезде әдеби тілдің мынадай стильдік тармақтары бар:
- сөйлеу стилі және кітаби жазба стильдер (көркем әдебиет стилі, ресми стиль,ғылыми стиль, публи-цистикалық стиль).

- Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасында пайдаланылғандықтан, онда тілдің коммуникативті функциясы баса сезіледі.

- Сөйлеу стилі белгілі бір жағдайда тікелей жаса-латын қатынас стилі болғандықтан, сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты.

- Ауызекі сөйлеу стилі:
- Қолдану аясы (аймағы);
- Сөйлеу мақсаты- қатынас жасау;
- Стильдік ерекшеліктері:
- - еркін дайындықсыз өткізілу;
- -сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану;
- - айтушының көз қарасы, қолданған сөздерінен анық білінуі;

- Ауызекі сөйлеу стилінің  тілдік құралдары:
- - қарапайым сөздерді еркін қолдануы;
- - эмоциональды сөздерді, қосымшаларды жиі қолдану;
- -сұраулы, лепті сөйлемдерді жиі қолдану, диалогқа құрылу;
- -дауыс ырғақтары арқылы қыстырма.қаратпа,одағай сөздерді пайдалану;

- Ресми стиль (іс-қағаздар стилі)
- 1.Қолданылу аясы: іс-қағаздарда , нұсқау хаттар мен кеңсе документтерінде қолданылады;
- 2.Сөйлеу міндеті: хабарлау, анық мәліметтер беру;
- 3.Стилдік ерекшеліктері: ресми,анық , дәл;
- 4. Тілдік құралдары: кітаби және ресми сөздер мен тіркестер,хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен терминдер.

- Ғылыми стиль
- 1.Қолданылу аясы: ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда қолданылады;
- 2. Мақсаты: заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру;
- 3.Стильдік ерекшелігі: дәлелді, зерттелген, тура мағынада алу;
- 4. Тілдік құралдары: ғылыми және интернаци-ональдық терминдерді қолдану; хабарлы сөйлем-де өткен және осы шақта етістіктерді жиі қолдану;

- Көркем  стиль
- Қолданылу аясы: көркем шығармаларда қолданылады;
- Мақсаты: құбылыстар мен  заттарды суреттеу, жанды суретін көрсету, суреттеу арқылы оқушының сезіміне әсер ету;

- Көркем стиль
- Стильдік ерекшеліктері: образды,эмоциональды, экспрессивті;
- Тілдік құралдары: ауыспалы мағынада, көркем тәсілдерінен пайдалану, суреттеме құралдарынан пайдалану (теңеу, эпитет,метафора т.б.)
-

- Публицистикалық   стиль
- Қолданылу  аясы: ақпарат құралдарының тілі жатады ,газетте, журналдарда және жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады;
- Мақсаты: көпшілікке  әсер ету, оқиғаның мәнін  ашу;

- Публицистикалык  стиль
- Стильдік ерекшеліктері: шақыру, үндеу, нақтылық.
- Тілдік  құралдары: риторикалық
-  сұрақтар, стильдік қайталау,
- антитеза пайдалану.



Сұрақтарыңыз
болса,
беріңіздер!



*Ойла , ізде , тап !!!*

**Тест сұрақтарын шешу**